

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы № 16 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2023 жылғы 4 шілдедегі № 363 бұйрығы

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ведомстволары мен аумақтық бөлімшелері туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығына 2020 жылғы 30 қазандағы № 16 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Абай облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

20) осы бұйрыққа 20-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын;

21) осы бұйрыққа 21-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті туралы ереже жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің төрағасы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың төтенше жағдайлар департаменттерінің басшылары:

1) заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында көрсетілген Ережелерді қайта тіркеу бойынша шаралар қабылдасын;

2) көрсетілген ережелерді жеке құрамның зерделеуін ұйымдастырсын және оларды практикалық қызметте басшылыққа алуды қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтан туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Кадр саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор*

*С. Шәріпханов*

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2023 жылғы 4 шілдедегі  
№ 363 бұйрығына  
1-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2020 жылғы 30 қазандағы  
№ 16 бұйрығына  
4-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Комитет) өз құзыреті шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі-Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. Комитет, егер оған сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық заңнамамен қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Комитеттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, "Байқоңыр" ауданы, Янушкевич көшесі, № 2 үй.

9. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Комитеттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

2) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде құқықтық актілер шығаруға;

2) Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінен, Комитеттің аумақтық бөлімшелерінен қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға (есептер, материалдар);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

4) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, конкурстар және өзге де іс-шаралар өткізуге;

5) қызметтің жетекшілік ететін бағыттары бойынша консультативтік-кеңесші органдарды (жұмыс топтарын, комиссияларды, кеңестерді) құру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

6) негізгі қызмет мәселелері бойынша аумақтық бөлімшелердің жұмысын үйлестіруге;

7) Комитеттің аумақтық бөлімшелерінен Министрліктің және Комитеттің бұйрықтары мен тапсырмаларының уақтылы және дәл орындалуын талап етуге;

8) Комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес өз құзыреті шегінде Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне баруға;

9) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

10) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және тиісті шешімдер қабылдауға;

11) Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарларының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға;

13) Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне қатысты әкімшілік-өкімдік және бақылау функцияларын орындауға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға.

15. Функциялары:

1) реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Комитет құзыреті шегінде Министрліктің стратегиялық функцияларын орындауға қатысады;

2) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыреті шегінде және Министрдің бұйрықтарында оларды бекіту жөнінде тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және іске асыруды қамтамасыз етеді;

4) өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде азаматтық қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

5) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді, әзірлеуге қатысады, келіседі және бекітеді;

6) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;

7) өнеркәсіп салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін, сондай-ақ атом энергиясын пайдалануға, магистральдық құбырларды және оларға қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын белгілейтін қауіпті техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты қызмет түрлері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

8) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихандарын тапсыру тәртібін әзірлейді;

9) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектордың қызметтік куәлігінің, төсбелгісінің, нөмірлік мөртабанының және пломбирінің үлгілерін әзірлейді;

10) газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды әзірлейді;

11) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарының нысандарын әзірлейді;

12) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілерінің нысандарын әзірлейді;

13) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың зардаптарын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілердің өндірістік ғимараттарын, технологиялық құрылыстарын тексеру, диагностикалау, қауіпті техникалық құрылғыларды техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен

жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімсіз дара кәсіпкерлердің, қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты ұйымдардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

19) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) және (немесе) тексеруге бара отырып, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні жеке және заңды тұлғаларға береді;

20) өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді, жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың жоғалу жағдайларын техникалық тергеп-тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

21) берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерін қалыптастырады;

22) Комитеттің құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

23) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қояды;

25) қауіпті өндірістік объектілерде, қауіпті техникалық құрылғыларда қолданылатын технологияларды қолдануға рұқсат береді;

26) жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдарды тұрақты қолдануға, жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

27) заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттауды жүргізеді;

28) "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

29) қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларацияларын тіркеуді жүргізеді;

30) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия береді;

31) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын жүргізуге қатысады;

32) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

33) өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын қауіпті өндірістік объектілердің заңды тұлғалары басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің біліміне (емтихандарына) тексеру жүргізеді;

34) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

35) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарын келіседі;

36) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын келіседі;

37) Кеңестің жарылыс жөніндегі қызметін ұйымдастыруды жүзеге асырады;

38) қажет болған кезде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 82-бабының 3-тармағында көзделген нормативтік құқықтық актілердің әзірленетін жобаларына қатысты реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жүзеге асырады;

39) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттау қағидаларын әзірлейді;

40) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар мен инциденттерді тергеп-тексеруді және есепке алуды, жарылғыш заттар мен олардың негізіндегі бұйымдардың жоғалу жағдайларын техникалық тергеп-тексеруді жүргізу қағидаларын әзірлейді;

41) көлбеу рельсті-арқанды көтергіштерді (фуникулерлерді) орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді;

42) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларын әзірлейді;

43) жолаушылардың аспалы арқан жолын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді;

44) жүк аспалы арқан жолдарын орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді;

45) эскалаторларды орнату және қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді;

46) мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедек адамдар) үшін көтергіштерді қауіпсіз пайдалану қағидаларын әзірлейді;



47) дәнекерлеушілер мен дәнекерлеу өндірісінің мамандарын аттестаттау қағидаларын әзірлейді;

48) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың білімін тексеру қағидаларын әзірлейді;

49) қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және таратуға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларын әзірлейді;

50) мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

51) жерасты құрылыстары мен метрополитендерді салу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды әзірлейді;

52) қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтеріне қызмет көрсету қағидаларын әзірлейді;

53) қауіпті өндірістік объектінің қауіптілігінің жалпы деңгейін айқындау қағидаларын әзірлейді;

54) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын әзірлейді;

55) қауіпті өндірістік объектілерді сәйкестендіру қағидаларын әзірлейді;

56) қауіпті өндірістік объектілерді декларацияланатындарға жатқызу өлшемшарттарын айқындайтын қағидаларды және қауіпті өндірістік объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу қағидаларын әзірлейді;

57) қауіпті өндірістік объектіде өндірістік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

58) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында нормативтік қызмет мерзімін өтеген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты әзірлейді;

59) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет ету мерзімі өткен жалпы мақсаттағы жебелі өздігінен жүретін крандардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

60) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарға, цистерналарға, бөшкелерге және баллондарға техникалық куәландыру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

61) бу және ыстық су құбырларына тексеру жүргізу және техникалық куәландыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

62) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет ету мерзімі өткен мұнара крандарының техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

63) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет ету мерзімі өткен монтаждау крандарының техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

64) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет ету мерзімі өткен көпір үлгісіндегі крандардың техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

65) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет мерзімі өткен көтергіштердің (мұнаралардың) техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

66) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет ету мерзімі өткен қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарға тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді ;

67) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет мерзімі өткен мүмкіндігі шектеулі адамдар (мүгедек адамдар) үшін лифтілердің, сондай-ақ көтергіштердің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

68) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында қызмет мерзімі өткен мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылауға және жөндеуге арналған қондырғыларға техникалық диагностика жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

69) тұтқырлығы жоғары, күкіртті мұнай өндіруге арналған жабдықты қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

70) кара металлургия кәсіпорындарының газ шаруашылығындағы қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

71) технологиялық құбырларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

72) ауаға бөлінетін өнімдерді өндіру және тұтыну кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

73) қауіпті өндірістік объектілерде аварияларды жою жоспарын әзірлеу және оқу дабылдарын және аварияға қарсы жаттығуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

74) жеке құрамның штат санын есептеу талаптары мен нормативтерін, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін жарақтандыру нормаларын әзірлейді;

75) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің құтқарушыларын даярлаудың үлгілік бағдарламаларын әзірлейді;

76) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды әзірлейді;

77) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылатын бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін әзірлейді;

- 78) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелік проблемаларды талдауды және анықтауды жүзеге асырады;
- 79) қауіпті өндірістік объектілерде жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қолданылатын жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың қолданылуына және есепке алынуына талдау жүргізеді;
- 80) уранды өндіру және қайта өңдеу геологиялық барлау кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 81) фторсутек қышқылын өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу;
- 82) иондаушы сәулелену көздерімен жұмыс істеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 83) бериллийді, оның қосылыстары мен олардан жасалған бұйымдарды өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 84) мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы, мұнай базалары мен автожанармай құю станцияларындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 85) өсімдік шикізатын сақтау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 86) өнеркәсіптің химия саласының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 87) осы металдар негізінде қара, түсті, бағалы металдар балқымаларын және қорытпаларды өндіру жөніндегі қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 88) қатты пайдалы қазбаларды қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 89) қауіпті өндірістік объектілердің қалдық қоймалары мен шлам қондырғылары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 90) көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 91) тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 92) өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 93) теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;
- 94) газдарды дайындау және қайта өңдеу жөніндегі қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

95) қысыммен жұмыс істейтін жабдықты пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

96) жүк көтергіш тетіктерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

97) компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

98) жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыстарды жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

99) магистральдық құбыр жолдарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді;

100) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың аудио-, бейнежазбаның техникалық құралдарын пайдалануы жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді;

101) реттеушілік әсерге жүргізілген талдау нәтижесін жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарда (Министрліктің ресми интернет-ресурсында, "Ашық НҚА" интернет-порталында) орналастыруды жүзеге асырады;

102) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметтің актілерінде және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің бұйрықтарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **3-тарау. Комитет қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Комитетке басшылық етуді төраға - Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы жүзеге асырады, ол Комитетке және оның аумақтық бөлімшелеріне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Комитет төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының өкілеттіктері:

1) Комитет және оның аумақтық бөлімшелері туралы ережені әзірлейді және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министріне бекітуге енгізеді.

2) Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің ережелерін, Комитет қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын, Комитеттің жұмыс жоспарын, Комитет жұмысының регламентін бекітеді;

3) аумақтық бөлімшелердің жұмыс жоспарларын келісуді жүзеге асырады;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының және қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды және бекітеді;

5) Өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

6) Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

7) іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақылар мен сыйлықақылар төлеу, сондай-ақ Комитет қызметкерлерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

8) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комитетті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

10) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына ықпал ететін әрекеттер тіркелген жағдайларда бұл туралы Министрліктің басшылығына хабарлайды;

11) Комитет қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

12) Комитетте, аумақтық бөлімшелерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;

13) республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға және мемлекеттік сатып алу саласындағы қызметті жүзеге асыруға дербес жауапты болады;

14) Министрлік басшылығына Комитеттің және аумақтық бөлімшелердің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

15) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

16) комитеттің тәртіптік, бағалау және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, персоналды басқару жөніндегі қызметтің жұмысын және құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

17) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды . Комитет төрағасы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Комитет төрағасы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4-тарау. Комитеттің мүлкі**

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларға жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің" республикалық мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы аумақтық бөлімшелер тізбесі

1) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Абай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

8) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

9) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Шығыс Қазақстан бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

10) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

11) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

12) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

13) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

14) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

15) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

16) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

17) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

18) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

19) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

20) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2023 жылғы 4 шілдедегі  
№ 363 бұйрығына  
2-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2020 жылғы 30 қазандағы  
№ 16 бұйрығына  
22-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Астана қаласы бойынша департаментінің ережесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Комитет) іске асыру, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бақылау-қадағалау функцияларын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), Комитеттің бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапынан сөз сөйлеуге құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының ресімделген бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 6А үй.



9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуы бойынша бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, белгіленген тәртіппен және құзыреті шегінде профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі комитетке ұсыныстар енгізуге;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізуге міндетті;

5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында Министрлік пен Комитеттің атынан өкілдік етуге және тиісті хат алмасуды жүргізуге, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

7) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және тиісті шешімдер қабылдауға міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті;

10) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауға;

11) өз құзыреті шегінде Министрлік пен Комитет басшылығының бұйрықтарын, тапсырмаларын орындауға міндетті;

12) өз құзыреті шегінде Министрлік, Комитет сұрататын қажетті ақпаратты (материалдарды, анықтамаларды, есептерді) белгіленген мерзімдерде беруге;

13) құзыреті шегінде құқықтық, консультациялық және практикалық көмекті жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

#### 15. Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде Комитетпен келісім бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департамент құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

7) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімсіз дара кәсіпкерлердің, қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты ұйымдардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

10) элеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын жүргізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) өндірістік ғимараттарға, технологиялық құрылыстарға және қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың зардаптарын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні жеке және заңды тұлғаларға береді;

19) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарын келіседі;

20) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын келіседі;

21) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

22) берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес

бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыруға қатысады;

23) Департамент құзыреті шегінде өтініш берушінің біліктілік және/немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

24) Департамент құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

25) құзыретті органдармен бірлесіп жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссияның құрамына қатысады;

26) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру учаскесіндегі (оның бір бөлігіндегі) операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

27) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі комиссияға қатысады;

28) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

29) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелік проблемаларды талдауды және анықтауды жүзеге асырады;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Астана қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор – басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Астана қаласы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісілгеннен кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережесін және бөлім басшылары мен Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есептілікті Комитетке жартыжылдықта бір рет уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақылар мен сыйлықақылар төлеу мәселелерін шешеді;

7) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Департаментті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына ықпал ететін әрекеттер тіркелген жағдайларда бұл туралы Комитет басшылығын хабардар етеді;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаментте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;

12) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды ;

13) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

14) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

15) Департаменттің тәртіптік, бағалау және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының ресімделген бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 150010, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 72.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуы бойынша бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, белгіленген тәртіппен және құзыреті шегінде профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі комитетке ұсыныстар енгізуге;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізуге міндетті;

5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында Министрлік пен Комитеттің атынан өкілдік етуге және тиісті хат алмасуды жүргізуге, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

7) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және тиісті шешімдер қабылдауға міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті;

10) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауға;

11) өз құзыреті шегінде Министрлік пен Комитет басшылығының бұйрықтарын, тапсырмаларын орындауға міндетті;

12) өз құзыреті шегінде Министрлік, Комитет сұрататын қажетті ақпаратты (материалдарды, анықтамаларды, есептерді) белгіленген мерзімдерде беруге;

13) құзыреті шегінде құқықтық, консультациялық және практикалық көмекті жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде Комитетпен келісім бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департамент құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

7) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімсіз дара кәсіпкерлердің, қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты ұйымдардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын жүргізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) өндірістік ғимараттарға, технологиялық құрылыстарға және қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың зардаптарын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні жеке және заңды тұлғаларға береді;

19) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарын келіседі;

20) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын келіседі;

21) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

22) берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыруға қатысады;

23) Департамент құзыреті шегінде өтініш берушінің біліктілік және/немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

24) Департамент құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

25) құзыретті органдармен бірлесіп жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссияның құрамына қатысады;

26) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру учаскесіндегі (оның бір бөлігіндегі) операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

27) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі комиссияға қатысады;

28) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

29) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелік проблемаларды талдауды және анықтауды жүзеге асырады;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор – басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісілгеннен кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережесін және бөлім басшылары мен Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есептілікті Комитетке жартыжылдықта бір рет уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақылар мен сыйлықақылар төлеу мәселелерін шешеді;



7) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Департаментті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына ықпал ететін әрекеттер тіркелген жағдайларда бұл туралы Комитет басшылығын хабардар етеді;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаментте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;

12) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды ;

13) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

14) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

15) Департаменттің тәртіптік, бағалау және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2023 жылғы 4 шілдедегі  
№ 363 бұйрығына  
20-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2020 жылғы 30 қазандағы  
№ 16 бұйрығына  
38-қосымша

## **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Түркістан облысы бойынша департаментінің ережесі**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Комитет) іске асыру, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бақылау-қадағалау функцияларын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), Комитеттің бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапынан сөз сөйлеуге құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының ресімделген бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 161200, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Ш. Ниязов көшесі, 48.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуы бойынша бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, белгіленген тәртіппен және құзыреті шегінде профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі комитетке ұсыныстар енгізуге;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізуге міндетті;

5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында Министрлік пен Комитеттің атынан өкілдік етуге және тиісті хат алмасуды жүргізуге, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

7) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және тиісті шешімдер қабылдауға міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті;

10) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауға;

11) өз құзыреті шегінде Министрлік пен Комитет басшылығының бұйрықтарын, тапсырмаларын орындауға міндетті;

12) өз құзыреті шегінде Министрлік, Комитет сұрататын қажетті ақпаратты ( материалдарды, анықтамаларды, есептерді) белгіленген мерзімдерде беруге;

13) құзыреті шегінде құқықтық, консультациялық және практикалық көмекті жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

#### 15. Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде Комитетпен келісім бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департамент құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

7) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімсіз дара кәсіпкерлердің, қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты ұйымдардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында

белгіленген тәртіппен стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын жүргізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) өндірістік ғимараттарға, технологиялық құрылыстарға және қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың зардаптарын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні жеке және заңды тұлғаларға береді;

19) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарын келіседі;

20) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын келіседі;

21) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

22) берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыруға қатысады;

23) Департамент құзыреті шегінде өтініш берушінің біліктілік және/немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

24) Департамент құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

25) құзыретті органдармен бірлесіп жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссияның құрамына қатысады;

26) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру учаскесіндегі (оның бір бөлігіндегі) операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

27) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі комиссияға қатысады;

28) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

29) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелік проблемаларды талдауды және анықтауды жүзеге асырады;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор – басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Түркістан облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісілгеннен кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережесін және бөлім басшылары мен Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есептілікті Комитетке жартыжылдықта бір рет уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақылар мен сыйлықақылар төлеу мәселелерін шешеді;

7) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Департаментті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына ықпал ететін әрекеттер тіркелген жағдайларда бұл туралы Комитет басшылығын хабардар етеді;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаментте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;

12) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды ;

13) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

14) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

15) Департаменттің тәртіптік, бағалау және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2023 жылғы 4 шілдедегі  
№ 363 бұйрығына  
21-қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрінің  
2020 жылғы 30 қазандағы  
№ 16 бұйрығына  
38-1-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Ұлытау облысы бойынша департаментінің ережесі**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Комитет) іске асыру, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бақылау-қадағалау функцияларын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз етуді жүзеге асыратын аумақтық бөлімшесі болып табылады.



2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік), Комитеттің бұйрықтарына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, Комитет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапынан сөз сөйлеуге құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының ресімделген бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индексі 100600, Ұлытау облысы Жезказған қаласы, Чехов көшесі, 3 үй.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Ұлытау облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері**

13. Мақсаттары: қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар, инциденттер кезінде туындайтын қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің алдын алу, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды қамтамасыз ету.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарының сақталуы бойынша бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, белгіленген тәртіппен және құзыреті шегінде профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

3) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі комитетке ұсыныстар енгізуге;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және өзге де іс-шаралар өткізуге міндетті;

5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өңірлерде, мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, сондай-ақ республиканың барлық соттарында Министрлік пен Комитеттің атынан өкілдік етуге және тиісті хат алмасуды жүргізуге, өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

7) басқа мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және тиісті шешімдер қабылдауға міндетті;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтауға міндетті;

10) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылдауға;

11) өз құзыреті шегінде Министрлік пен Комитет басшылығының бұйрықтарын, тапсырмаларын орындауға міндетті;

12) өз құзыреті шегінде Министрлік, Комитет сұрататын қажетті ақпаратты (материалдарды, анықтамаларды, есептерді) белгіленген мерзімдерде беруге;

13) құзыреті шегінде құқықтық, консультациялық және практикалық көмекті жүзеге асыруға;

14) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

#### 15. Функциялары:

1) Департаменттің құзыреті шегінде іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады және Министрліктің стратегиялық функцияларын және Комитеттің жұмыс жоспарын орындауға қатысады;

2) өз құзыреті шегінде Комитетпен келісім бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға қатысады;

3) Департамент құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

4) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

5) қауіпті өндірістік объектілердегі авариялар салдарынан болған авариялар мен жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

6) қауіпті өндірістік объектіні пайдалануға беру кезінде оны қабылдау сынақтарына, техникалық куәландыруға қатысады;

7) жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат береді;

8) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін айрықша жағдайларда сот шешімінсіз дара кәсіпкерлердің, қауіпті өндірістік объектілерді, техникалық құрылғыларды пайдалануға байланысты ұйымдардың қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз бере отырып, үш күннен аспайтын мерзімге тоқтата тұрады немесе тыйым салады;

9) екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні, сондай-ақ "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен стратегиялық объектілерді қоспағанда, қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келіседі;

10) әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды қоспағанда қауіпті өндірістік объектілерді, қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады;

11) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын жүргізуге қатысады;

12) жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды бақылау және қабылдау сынақтарын жүргізу жөніндегі комиссияға қатысады;

13) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

14) өндірістік ғимараттарға, технологиялық құрылыстарға және қауіпті өндірістік объектілердің техникалық құрылғыларына, қауіпті техникалық құрылғыларға техникалық куәландырудың уақтылы жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

15) қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды пайдаланатын ұйымдардың авариялар мен олардың зардаптарын жою және оқшаулау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге әзірлігін мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

16) магистральдық құбырды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;

17) тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелері мен газ жабдықтарын қоспағанда, тұрмыстық баллондар мен газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау бөлігінде газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

18) бақылау және қадағалау және (немесе) тексеру субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және қадағалау нәтижелері туралы актіні, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаларды, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қызметке немесе қызметтің жекелеген түрлеріне тыйым салу не тоқтата тұру туралы актіні жеке және заңды тұлғаларға береді;

19) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарын келіседі;

20) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жобасын келіседі;

21) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын, тексеру парақтарын әзірлеуге қатысады;

22) берілген рұқсаттар бойынша рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу графигін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылауды және қадағалауды жүргізудің жартыжылдық тізімдерін қалыптастыруға қатысады;

23) Департамент құзыреті шегінде өтініш берушінің біліктілік және/немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады;

24) Департамент құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер жүргізуді жүзеге асырады;

25) құзыретті органдармен бірлесіп жарылғыш материалдарды жою жөніндегі комиссияның құрамына қатысады;

26) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру учаскесіндегі (оның бір бөлігіндегі) операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

27) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен қатты пайдалы қазбаларды өндіру жер қойнауы учаскесін консервациялау жөніндегі комиссияға қатысады;

28) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексында белгіленген тәртіппен жер қойнауы кеңістігін пайдалану жөніндегі операциялардың салдарын жою жөніндегі комиссияға қатысады;

29) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде жүйелік проблемаларды талдауды және анықтауды жүзеге асырады;

30) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### **3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру кезіндегі оның басшысының мәртебесі және өкілеттіктері**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын Ұлытау облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектор – басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Ұлытау облысы бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспектордың өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмыс жоспарын әзірлейді және Комитетке келісуге енгізеді, келісілгеннен кейін бекітеді;

2) бөлімдердің ережесін және бөлім басшылары мен Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

3) Департаменттің жұмыс жоспарын орындау жөніндегі есептілікті Комитетке жартыжылдықта бір рет уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтарға қол қояды;

5) бөлім басшыларын және Департамент қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін іссапарға жіберу, демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақылар мен сыйлықақылар төлеу мәселелерін шешеді;

7) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес Департаментті мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады;

8) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің бөлім басшылары мен қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар не сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің туындауына ықпал ететін әрекеттер тіркелген жағдайларда бұл туралы Комитет басшылығын хабардар етеді;

10) Департамент қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз етеді;

11) Департаментте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қабылдағаны үшін дербес жауапты болады;

12) өз құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды ;

13) Комитет басшылығына Департаменттің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныстар береді;

14) азаматтарды қабылдауды жүзеге асырады;

15) Департаменттің тәртіптік, бағалау және конкурстық комиссиясының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, атқарушылық және еңбек тәртібінің сақталуын, құжат айналымын ұйымдастыруды бақылайды;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-тарау. Департаменттің мүлкі**

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департамент өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті дербес иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.